



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Үкімет ауылдық жерлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті

Мемлекет басшысының жарлығын іске асыру үшін Үкімет Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Премьер-министр Әлихан Смаилов тиісті қаулыға қол қойды.

Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуге бағытталған. Оның аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы қараша айында ҚР Президенті лауазымына кіріскеннен кейін осы Тұжырымдаманы әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойды.

Құжатта «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында республика бойынша ауыл тұрғындарының 90%-ы өмір сүріп жатқан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдық елді мекенді (АЕМ) кешенді жаңғыртуға баса назар аударылған. Мұндай елді мекендер адамдардың еңбек етіп, өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау есебінен экономикалық өсудің жаңа нүктелеріне айналады.

Негізгі мақсаттардың бірі – ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, көң жолақты интернет және ғарыштық байланысы тартылады, ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана,

клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады.

Тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін жаңа жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияларды жүргізу жұмыстары жалғасады. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындары жалпы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде субсидияланады.

Ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін заманауи учаскелік полиция пункттерін салу, аудан орталықтарында бейнебақылау жүйесін енгізу, ауылдарда жаяу жүргіншілер жолдары мен мал айдау аймақтарын белгілеу, шомылуға рұқсат етілген және жабдықталған орындар құру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Оған қоса шекаралас ауылдық елді мекендерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жаңарту мен негізгі қызметтерді қамтамасыз етудің арқасында халықтың елді мекендерден көшуін азайту, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және жалпы шекара маңындағы аудандардың экономикалық дамуына жаңа серпін беру жоспарланып отыр. Ал еңбек тапшылығы бар өңірлердің шекаралас ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы қосу мүмкіндігі қаралады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ ауданының әкімі ТҰРЫСБЕКОВ МҰХИТ СЕКСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ сәуір айының 20-21 күндері Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округтері мен Қыземшек кентінің халқымен кездесуі



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 20 сәуір сағат 10:00-де Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Шу ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:30-да болады.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 20 сәуір сағат 15:00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Тасты ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:30-да болады.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 21 сәуірде сағат 10:00-де Л.Бекенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қыземшек кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:30-да өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 21 сәуір сағат 14:00-де С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 15:00-де болады.



Ақордада Президенттің атынан ауызашар берілді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, бұл ай күллі мұсылман қауымы үшін ерекше уақыт екенін, жамағат осы айда ізгі амалдар жасап, мол сауапқа кенелетінін айтты.

Мемлекет басшысы бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған айтулы оқиғаларға арнайы тоқталды.

«Жалпыхалтық референдум арқылы Конституцияға өзгерістер енгізілді. Еліміз үшін аса маңызды бірнеше саяси науқан өткізілді. Соның ішінде Президент сайлауы және жуырда болған Парламент пен мәслихаттар сайлауы бар. Бір сөзбен айтсақ, қысқа мерзімде өте ауқымды жұмыс атқарылды. Еліміз жаңа дәуірге қадам басты, Әділетті Қазақстанды құра бастады. Қазақстан – өз геосаяси аймағында осындай ауқымды реформалар жасап жатқан бірден-бір ел. Жаңартылған Конституция және елімізде болып жатқан өзгерістер – осының айқын дәлелі. Біз осы реформаларды, жалпы айтқанда, осы саясатты міндетті түрде жалғастырамыз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде жалғастыра береді, сыртқы саясатымыз әрдайым дербес болады. Біз мұның бәріне мызғымас бірліктің арқасында қол жеткізіп отырмыз.

«Халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ» деп бекер айтпаған. Қоғамда бейбітшілік пен келісім болса ғана, еліміз табысқа жетеді. Алға қойған игі мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Ал елден ынтымақ кетсе, мемлекетте даму болмайды, жұрттың болашаққа деген сенімі де азаяды. Сондықтан елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау – негізгі міндетіміздің бірі. Бұл баршамыз жұмылып атқаратын жұмыс болуы керек», деді Президент.

Мемлекет басшысы халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу қажет екеніне назар аударды.

«Қазақтың әдет-ғұрпы әрдайым ізгілікке

шақырады. Әрбір салттың терең тәрбиелік мәні бар. Мысалы, ақсақалдарымыз жастарға батасын береді. Жастарымыз үлкеннің алдын кесіп өтпейді, құрметін көрсетеді, ешкімнің ала жібін аттамайды. Халқымыз қашанда қыз баланы сыйлап, қадірлеген. Мұның бәрі дәстүрлі ислам құндылықтарымен тығыз үндеседі», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз сөзінде ұлттық мәдениетімізді дамыту маңызды екеніне тоқталды.

«Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл-мағынасы терең, көпқырлы ғұым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы, ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты», деді Мемлекет басшысы.

Президент қазіргі жаһандық ахуалға алаңдайтынын білдіріп, қоғамда мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттер жетіспей жатқанына назар аударды. Оның айтуынша, адамзат үшін өте қауіпті бұл үрдісті тоқтатуға бәріміз күш салуымыз керек. Ол үшін осы асыл қасиеттерді әрқайсымыз жүрегімізде сақтап, оны күнделікті іс-әрекетпен, көркем мінезбен көрсеткен абзал.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында барша Қазақстан халқына амандық, бақ-береке тіледі.

«Ақорда» резиденциясында Мемлекет басшысының атынан берілген ауызашарға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, мәдениет қайраткерлері, құтқарушылар, еңбек адамдары қатысты.

Президент реформасы

Елдің мақсаты айқын болса, болашағы жарқын

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында «Елді жайлаған індет және оның салдары кәсіпкерлерге оңай тимегені анық. Былтырдан бері саяси жүйені жаңғыртуға баса мән бердік. Енді экономикадағы нақты мәселелермен айналысатын кез келді. Бұл жұмысты мықтап қолға алу керек.

Біздің басты міндетіміздің бірі – жекеменшікті қорғау және нарықтың бәсекелі болуын қамтамасыз ету. Сол үшін сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды жалғастыру қажет. Мен еліміздің кәсіпкерлеріне үндеу жасағым келеді. Қазақстан – бәріміздің ортақ мекеніміз. Ендеше, қастерлі Отанымызды бірге өркендетейік, болашағымызды бірге құрайық. Мен Президент ретінде сіздерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетініне кепілдік беремін.

Біз шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән береміз. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет. Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет. Осы орайда Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тиімді тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені, орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. «Атамекен» ұлттық палатасы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп, сыртқы нарықта ұлттық бизнестің мүддесін қорғауы керек. Сондай-ақ, Үкіметпен ынтымақтастықты барынша нығайту қажет.

Жалпы, алдағы бес жылдық шағын және орта бизнесті қолдауға арналуы керек. Ұлттық жобалар уақтылы және сапалы жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттің әрбір тиыны тиімді жұмсалыуы керек. Осының бәріне парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Өздеріңізге дауыс берген азаматтар үлкен үміт күтіп, сенім артып отыр.

Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді. Әсіресе, сайлауда жеңіске жеткен «Атапата» партиясы осы жұмысқа белсене атсалысады деп сенемін. Партияның тәжірибесі мол, қоғам тарапынан жан-жақты қолдау бар. Сондықтан «Атапата» партиясы алдағы өзгерістердің бел ортасында болады деп үміттенемін» деген болатын. Әрине біз алдағы күндерден зор үміт күтеміз. Президентіміз бағамдағандай болашақтың кілті бүгіннен басталатынына сеніміміз зор.

Мейрам ЭЛМАХАНОВ,
С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің директоры.

Қоғамдық кеңесте



Шешімге өзгерістер енгізілді

Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Жиналысты Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Кеңеске кеңес мүшелерімен қатар аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отырды. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде бір-ақ мәселе қаралды. Ол Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №145 «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы болды. Халықаралық аудан әкімдігі экономика бөлімі бастығының орынбасары Жанар Смашова.

Қоғамдық кеңес мүшелері Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №145 «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімнің жобасын бірауыздан мақұлдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан көлемінде «ТАЗА АУЫЛ» ЭКО-АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан көлемінде «Таза ауыл» эко-акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылып, тазалық жұмыстары жалғасуда. Аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме мамандары Шолаққорған ауылының ішкі көшелерін, «Біресек» каналы мен темір жол бойын тәрмистік қалдықтар мен күл-қоқыстардан тазарту жұмыстарын жүргізді.

Бұл туралы аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылында санитарлық-экологиялық акция аясында тазалық жұмыстары жүріп жатқан аумақтарды аралау барысында жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді. Қоршаған ортаны таза ұстау ке-



ректігіне тоқталып, тәрмистік қалдықтар мен күл-қоқыстарды ауыл іргесіндегі кез-келген жерге тастау сынды заңсыз әрекеттермен қоғам болып күресудің жолдарын қарастыруды тапсырды.

Айта кетейік, бүгінгі аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілікке 1780 адам, 14 арнайы техника тартылды. 31 шақырым көше бойлары мен 7 шақырым аяқ жолдар ретке келтірілді. Өзен-көлдер мен арықтардың 8 шақырымы тазаланып, полигонға сенбілік барысында жинақталған 67 тонна қоқыс тасымалданды. Талдардың түптері әктеліп, 300 түп декоративті тал көшеттері отырғызылды. 10 спорт және 8 балалар алаңшалары, 6 көп қабатты тұрғын үй маңындағы аулалары мен кіре беріс (подъез) ретке келтіріліп, 8 аялдама тазаланды.

Сонымен қатар, тұрғындарға үй іргелік аулаларын таза ұстау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2022 жылғы қаржылық нәтижелері

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Қазатомөнеркәсіп» ,)ҚАӨ» немесе «Компания») 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілікті жариялады.

«2022 жыл Қазақстан мен жалпы әлемдік қоғамдастық үшін турбулентті жыл болды. Қазатомөнеркәсіп және жалпы атом өнеркәсібі де ерекшелік болған жоқ. Біз 2022 жылдың басынан бері өңірде болып жатқан елеулі және қайғылы оқиғалардың әсерінен Қазақстанда либералды реформалардың кең ауқымына әкелгенімен, Ресей-Украина қақтығысының ықтимал әсері мен салдарын болжау қиын. Біз әлі де бұл жайттарды тезірек бейбіт түрде реттелетініне үміттенеміз», - деді Ержан Мұқанов, Қазатомөнеркәсіптің Басқарма төрағасы.

2022 жыл қаржы, операциялық қызмет және жеткізу тізбегі сияқты негізгі салаларда тұрақтылығын дәлелдеген тәуекелдерді басқару



тәжірибеміз үшін сынақ болды. Біздің тәуекелдерді басқару процестері мен азайту жоспарлары сенімді болып қала береді, Компания жағдайды қадағалап, өзгермелі ортаның қиындықтарына жауап беруді жалғастыруда.

2023 жыл Қазатомөнеркәсіптегі негізгі басшылық лауазымдардың ауысуынан басталды. Атқарушы командаға екі жаңа мүше қосылды. Бас қаржы директоры ретінде Руслан Бекетаев және Бас коммерциялық директор ретінде Әлішер Тайжанов – екеуінің де Компанияның стратегиясын іске асыру үшін тиісті салаларда және құзыреттерде үлкен тәжірибелері мен білімдері бар. Бұл

ретте біз мүдделі тараптарды Компанияның стратегиясы өзгеріссіз қалады деп сендіреміз және біз басшылық ретінде оның негізгі қағидаттарын ұстанамыз және жаһандық ядролық отын нарығы үшін таңдаулы серіктес болуға, сондай-ақ уран кен орындары мен қосылған құн тізбегінің компоненттерін тұрақты түрде дамытуға, Компанияның барлық мүдделі тараптары үшін ұзақ мерзімді құндылық жасауға ұмтыламыз.

2022 жылғы нәтижелерге келетін болсақ, мен біз өз болжамдарымызды тағы да орындағанымызды мақтанышпен растай аламын, 2022 жылы түзетілген таза пайда мен түзетілген EBITDA 2021 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті. Бұл керемет жетістік. Біздің 2023 жылға арналған өндіріс және сату мақсаттарымыз ұзақ мерзімді міндеттемелерімізге және нарықтың іргелі параметрлерін жақсартуға сәйкес нарыққа бағытталған стратегиямызға сәйкес келеді. Қазіргі тұрақсыз жағдайға қарамастан, біз құндылыққа бағытталған тәсілімізде

белгіленген 2023 жылға арналған жоспарларымызды орындаймыз деп күтеміз.

Қаржылық көрсеткіштерден басқа, біз Қазатомөнеркәсіпте ESG-ге берік міндеттіміз және осы саясатты толық қолдаймыз, бұл біздің іс-әрекеттерімізбен тағы да расталады. 2022 жылы біз БҰҰ-ның жаһандық келісіміне қосылдық, S&P Global рейтингін алдық және көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге, өндіріс қауіпсіздігін арттыруға және қызметкерлеріміздің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған компания ішінде бірнеше негізгі бастамаларды енгіздік.

Бұрын-соңды болмаған жаһандық экономикалық белгісіздік пен елеулі геосаяси оқиғалар жағдайында Қазатомөнеркәсіптің нарық динамикасының жақсаруынан пайда алу және өндіріс пен сату тәртібін бұрынғыдан да көп сақтау арқылы біздің мүдделі тараптарымыз үшін құндылықты барынша арттыру үшін жақсы мүмкіндіктері бар».

Нұржамал МАЙУСОВА.

Қажымұқанның кеудесінде сынған тас музейге әкелінді

Біз таяуда үлкен сауапты, иігілікті, өнегелі істің куәсі болдық. Ол сонау Ұлы Отан соғысы жылдары қазақтың даңқты палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов Созақ ауданындағы қырық колхозды аралап өнер көрсетіп жүріп, Шаға елді мекеніне қарасты Ағалақ ауылында көкмайсалы бұлақтың жағасында елдің көзінше Қажымұқан палуан өз кеудесіне үлкен қойтас-



ты қойдырып, білекті деген жігіттердің қолына ауыл ұстасының сом балғасын ұстатып, жігіттер тасты ұрып сындырады. Сол тасты тауып бізге хабарласқан Шаға ауылының тұрғыны Қостаншаев Қабыл Тойымбекұлы мен «Ағалақ» елді мекенінің тұрғыны Әбенов Бауыржан есімді азаматтарға үлкен алғыс айтамыз. Сол күні аудандық мәслихаттың депутаты, елжанды азамат Бақдәулет Баймұсаев екеуіміз Шаға ауылына жол тарттық. Қаншама жылдар өтті. Санамалап көрсек 80 жылдан асып кеткен. Тастар сол күйінде сақтаулы.

-Менің анам Тұрғанкүл Бәйшеқызы 1912 жылы туылған. Қажымұқан палуанды өз көзімен көрген екен. Алып денелі, денелері алқам салқам кісі екен. Тамақ ішіп алып ауылдың дәл іргесіндегі өзен суына түсіп жатады. Сол күні ауыл адамдарына тасты таудан арнайы алдырыпты. Тасты бес-алты адам ат арбамен әкеледі. Тау ауылдан 1-2 шақырым. Ауыл адамдары да ол тасқа тиіспеген. Алғашқыда ошақ жасау үшін бір-екі адамдар алмақшы болған екен. Үлкен қариялар «Ол тасқа тиіспендер. Ол әруақты кісі. Талай ел мен жерді көрген. Қазақ халқын әлемге танытқан тұлғаның әруағымен ойнамаңдар» дегеннен кейін тиіспеген екен,-дейді Бауыржан Әбенұлы ағамыз.

Үшке бөлініп түскен тастарды алты жігіт екі-екеуден көтеріп біз барған көлікке зорға салды.

Сол ағалардың аманатын қаперге алып аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы музейіне әкеліп тапсырдық. Музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек, сондай-ақ музей қонақтары, ауыл ақсақалдары тасты көріп таң қалып өз ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ..

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші ТОО «GREENFUEL» операторы Сәбит тел. 8-702-202-00-01 Ұялы телефоны, бағасы 205 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «AQNIET-2» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің Ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.



Кітап оқу-рухани кемелденудің көзі

Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - деген еді Ғабит Мүсірепов. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін де осы кітап екені белгілі. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез-келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Қазір ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда адамзат рухани байлығымыздан қол үзіп, ғаламтор әлеміне еніп бара жатқаны ақиқат. Ертеңгі ұрпақтың келешегі үшін мемлекетіміз дабыл қағып, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңа жобалар, кітап оқу марафондарын ұйымдастыруда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу-рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», -деп атап өтті. Адамзат ақыл-ойының жиынтығы-кітапта болса, білім-соны сақтайтын қазыналы сандық. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Осы мақсатты іске асыруда жыл сайын «КітапХАН@» жобасы өткізіп келеді.

Осы жобаны іске асыруда Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының бастамасымен 2021 жылдың 15 қазанынан бастап «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» республикалық жобасы табысты іске асып келеді. 15 қазан кітапханашылар мерекесі қарсаңында өткізілген республикалық «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Облыстық білім беруді дамыту орталығының инновациялық «КітапХАН@» кітап оқу жарыс жаңа жобасының тұсаукесері өтті.

Жобаның басты мақсаты кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту және қолдау, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қоғамдық санада кітаптың жоғары беделін арттыру, мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару болатын. Бұл жоба өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, республиканың әр түркіпінен ұстаздар мен оқушылар белсене қатысып келеді.

Түркістан облысы білім бе-

руді дамыту орталығының бастамасымен 2021 жылдың 15 қазанынан бастап, Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру мекемелерінің мұғалімдері, мектеп кітапханашылары, мектеп директорлары, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен оқушылар арасында «КітапХАН@» кітап оқу сайысы ZOOM платформасында Facebook әлеуметтік желісі арқылы көрсетілуі қолға алынған. Хан-ең көп оқитын адам, кітап оқығыштардың төресі, бірінші деген мағына білдіреді. Осы жобаға ауданымыздан көптеген мұғалім, оқушылар көптеп қатысып оқырмандар саны көбеюде.

Облыстық Білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан «КітапХАН@» кітап оқу сайысының алғашқы апталық сайысында қатысқан Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің кітапхана мамандары осы жобамен белсенділік танытып жұмыс жасады. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бағандиева Дидармен 10-сынып оқушысы Ізбасар Құралайапталықта 1-ші жүлделі орында орын иеленді. Осы сайыстың 19-шы апталық шығарылымында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Ерманова Сәуле Тұрарқызы А.Н.Каримовтың «Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері» кітабын қорғап жүлделі бірінші орын иеленіп, айлық кезеңде де I орын иегері атанып, жылдық кезеңге жолдама алды. Сайыстың келесі кезеңінде КітапХАН@ кітап оқу сайысының апталық, айлық жеңімпаздары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері; Даулетәлиева Сымбат, Сайлауова Әйгерім жылдық кезеңге жолдама алды. Жылдық кезеңде Ерманова Сәуле Тұрарқызы жеңімпаз атанса, Ыбырай Алтынсарин мектебінің 10-сынып оқушысы Әпен Жібек жеңімпаз атанып, Созақ ауданының мерейін үстем етті.

2022-2023 жылы «КітапХАН@» кітап оқу сайысының әр апталық кезеңіне Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру мекемелерінің әдіскерлері, мектеп директорлары, орынбасарлары, мұғалімдері, мектеп кітапханашылары қатысып, М.Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің директоры Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы мен А.Сүлейменов атындағы жал-

пы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Әлімханова Қалдыгүл Сұлтанқызы айлық кезеңнің жеңімпаздары атанып, жылдық кезеңге жолдама алды. М.Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің директоры Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы қатысып I-орын иемденді.

«КітапХАН@» кітап оқу жарыс жобасына оқушылар арасында «КітапХАН@» II апталық сайысына Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің

10-сынып оқушысы Жақсылық Арайлым Жомартқызы 1-ші айлық шығарылымында Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабын қорғап айлық кезеңнен жүлделі орын мен сыйлыққа ие болып, жылдық кезеңге жолдама алды. Оқуға құштар оқырмандардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Облыстық білім беруді дамыту орталығының инновациялық «КітапХАН@» кітап оқу жарыс жобасына Болат Өтемұратов қоры қолдау көрсетті. Балалар жылында өтіп жатқан кітап оқу жарысының жеңімпаздарына «Steppe World» баспасының «Хэрри Поттер» және тағы басқа көркем әдебиеттері ұсынылуда. Аталмыш жобаға облыстағы білім беру ұйымдарының педагогтері, колледж студенттері мен 5-10 сынып оқушылары қызыға қатысып келеді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар танымдық-мәдени дамуына жол ашады. Жобаның мақсаты оқушыларды оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілігін қалыптастыру, ең бастысы кітапты оқуға құштарлығын шыңдау болып табылады. Оқушының функционалды сауаттылығын арттыру жолында көркем әдебиетті оқу арқылы тіл тазалығын сақтап, ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығын ояту басты нысана болары белгілі. Оқу жылының басында жоба бойынша мектептердің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша мектептерде біршама іс-шаралар ұйымдастырылып, іс-шараға оқушылар, ата-аналар, ұстаздар жұмылдырылып келеді.

2 сәуір-балаларға арналған кітап күні мерекесінде жаңа жобалар ұйымдастырылып, кітаптар жарнамаланды. Сонымен қоса, өлкемізден шыққан ақын-жазушылардың шығармаларын ұрпаққа насихаттау мақсатында «Өлкемізді таны» атты жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаз оқушылар марапатталды.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллект бола бастадым деп санауға болады», деген екен. Ендеше, тұлға болу үшін кітаппен дос болу керектігін естен шығармаған жөн.

**Ақбота ҚАЛМАНБАЕВА,
Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері.**

Өткен көктем айында «жаңадан Әкім келіпті. Өзіміздің Сексенбайдың баласы екен. Жұмысын бірден ауыл тазалығынан бастапты» - деген сөз сымсыз телефондай ауыл арасына лезде тарап кетті. Үйде интернет бар болған соң әлеуметтік желіні қараймын. Әлеуметтік желіден аудан әкімін жат көремін. Бетінен нұр тамып тұрған, оның елгезек жұмыс басты жаңалыққа жаны құмар жан екенін бірден аңғарсыз. Аудан әкімшілігінің үй алдында «ауданды басқарған басшылар» деген көрнектілікті жазуларының оңып кетуіне байланысты, қайта жаңартып жатқанмын. Қызмет орнына қарай беттеп бара жатқан аудан Әкімі көзіме оттай басылды. Ол маған бұрыннан таныс па? - дегендей қарады. Екеуіміз бір-бірімізге қарадық. Мен жұмысымды жалғастыра бердім. Сәлемдесу ишаратын жасауға арамсыз қашық болды.

Мұхиттың әкесі Сексенбайды мен Балдысудың мектебінде оқып

біресе моторы өшіп жолда үш қонып кешке Шардара қаласына жеттік. Энгельс атындағы кең шардың қалың қамыс арасындағы дала қосына келдік. Екі киіз үй тігулі тұр. Бірі ас дайындайтын асхана бірі дәрігерлік пункт. Біздің міндетіміз трактор аяғы бара алмайтын жерден шылғымен шөп ору. Жататын орнымыз қалың қамыс арасы. Маса дегенінде, екі түрлі маса сәл дамылдасаң үстіңе қаптайды. Мұндайда шөп орып қарқ қылмайсың.

Жұмыс уағы аяқталып, тамақ ішіп болған соң тынығамыз. Бәрі маған таңырқай қарайды. Өйткені абайлық Ерубай деген бала екеуіміз масахана ішінде жатамыз. Ұйқымыз тыныш. Ерубай түнде бір есерсоқтау баламен ерегісіп қалды. Ол бала темекі шоғын масаханаға тигізіп масахананы күйдіріп тесіп тастады. Төбелесуге ол менен ересектер болды, өзімді - өзім ұстадым.

Амал жоқ. Масахана ішінде жата бердім. Таңсыз суықтан ықтасын



рысбеков деген сөзді көзім шалды. Сәкеңе сәлем берейін деп есігінің алдындағы хатшы қызға өзімді таныстырып Сәкеңде жұмысым барын айттым.

Ол ішке кіріп ескертті-ау, есіктен шығып,-кіріңіз деді.

- Баяғы өзім көрген Сәкең, сәл толысқанба? сені қайдан көрдім дегендей аңырап қалды да есіне түсті-ау, орнынан күлімсірей тұрып қарсы алды, амандық саулық сұрастық. Туған нағашым академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Керімбек Сыздықовпен (ол кезде Керекең Шымкент педагогикалық институтының ректор еді) сөйлесіп, жолығысып тұратынын айтты.

Бірде Сәкеңмен коридорда жолығысып қалдым. Амандық, саулықтан соң, мақалаларыңды оқып тұрамын әсіресе сын мақалаларың маған ұнады қолың тигенде маған кіріп шықшы деді. Редакциядағы жұмысым аудан көлеміндегі ауыл-

Бір айтарым бар менің...

жүргеннен білемін. Пионер жетекшісі Баян Бисариева жақында комсомолға өтесіңдер, мына "Жастар" уставы деген кітапшадағы сөздерді түгел оқып жаттап алыңдар деп жалғыз жұқа кітапшаны қолымызға ұстатқан.

Ауданға барғанда комиссияның алдында білмей ұятқа қалмаңдар деген соң, ондағы сөздерді бір-бірімізден көшіріп үтіріне дейін жаттап алдық.

Аудан орталығы Шолақорғанға келгенбіз. Аудандық партия комитеті үйінің алдында тұрмыз. Кезегі келген балаларды апаймыз бір-бірлеп ішке кіргізуде. Кезегім келгенде менде ішке кірдім.

Төрдегі үстел үстінде екі адам отыр екен. Біреуі қыз бала жазу жазып отыр. Үстел үстіндегі ақсары кісі аты жөнімді сұрап, тегімді білген соң, күлімсірей орнынан тұрып қолымды алып, қалай әке-шешең аман ба? сабағың қалай деді.

- Жақсы деп жауап бердім. Шешең бізге жиен деді -жылышырай.

Не сұрақ қояр - деп ойланғанымша, бара бер. Сабағыңды жақсы оқы. Комсомолға өттің-деді. Күлімсірей сыртқа шықтым. Есік алдындағы балалар қалай жауап бердің деп үміттене қарайды. Маған кезегі келген бала орыстың діни рәсімін қолын кеудесімен маңдайыма қойып кішке кіріп кетті. Сонау жетпісінші жылдары Шу өзеніне су келмей, шөп шықпай қуаңшылық болды. Ел әбіржіді. Мен мәдениет үйінде суретші болып істейтінмін. Аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Махмұт Теміров бізге Шардара ауданына шөп дайындауға барасыңдар деп тапсырма берді. Көптің ішінен үш адам автокөлік жүргізуші және Назбек Байтуаров деген азamat және мен. Көп адам есебін тауып қалып қойды.

Шешем Күләш ол жақтың масасы қалың болады деп шағын масахана тігіп берді.

Мәдениет бөлімінің әбден мініле мініле жауыр аттай болған газигіне отырып Шардараны бетке алдық. Маған автокөлік үсті бұйырды. Кабинада бір өзі екі адамның орнын алатын Назбек пен жүргізуші. Күздің қарасуығы әсіресе түнде қатты білінеді екен. Автокөлік үстінде шешем берген түйенің шуа асын салып тігіп берген көрпеге оранып жатамын. Автокөлік орғып кеткенде ұшып кетпейін деп бір жағы үрейленіп жатырмын. Жолда автомашинаның біресе дөңгелегі жарылып,

іздеген маса тесіктен кіріп бір шақты-ау.

Үш күн автокөлік үстінде бүрсеңдеген мен суықтап мазам болмады, бетімнің сау жері жоқ. Бір көзім кіртііп, ісіп кеткен. Ауылдан шөпшілердің жағдайын білуге әрі лекция оқуға, социалистік жарыс көрігін қыздыруға партия ұйымының хатшысы Сәкең келді. Қайтарда тұмауратып аурып жүрген мені қос дәрігері Тұрар Садықбековке айтып өзімен бірге ауылға алып қайтты. Содан бері қанша жыл өтті десеңші...



Республикалық мәдениет министрлігінің жанындағы мәдениет қызметкерлерінің білімін жетілдіру институтының театр суретшісі бөлімін және Әбілхан Қастеев атындағы көркем сурет-өнер училищесінің театрдағы бутафория бөлімін бітірген соң Республика мәдениет министрлігінің арнайы жолдамасымен аудандық мәдениет бөліміне театр суретшісі болып жұмысқа орналастым. Балдысу ауылынан күнде келіп қатынап жұмыс істеу оңай болған жоқ. Мәдениет бөлімінің

меңгерушісі Тұрлыбек Жақсыбаев деген өз денесіне лайық, кеңдеу адам екен. Жұмыстан кешігесің бе менің жұмысым жоқ. Маған тек жұмысты жүргізсеңдер болды дейді. Театр режиссері Мүзір Арғынбаев екеуіміз қаншама спектаклдерді сахнаға шығарып, көрермендер ризашылығын бөлендік. Не пайда айлығы аздау 60 сом аламыз, басына тартсаң аяғына жетпейді. Келісім шартпен сол кездегі "Молшылық үшін" қазіргі "Созақ үні" газетіне көркемдеуші-суретші болып қабылдандым. Сол кезде мені жұмысқа қабылдаған газет редакторы

дарға, мектептерге, мекемелерге барып көркем безендіру жұмыстарын жасаймын. Әрі мақала жазып әкелем, безендіру жұмыстарының құнын редакция шотына аударып, көркемдеу құнының 70 пайызы әртүрлі салықтарды ұстап, маған айлық есебінде жазылады да қалған 30 пайызы редакция шотына қалады.

Уақыт тауып Сәкеңе кіргенмін. Мені жұмысқа қабылдау туралы бұйрық жазып тұрып, аузың үлкен бе деді. Не жайында айтқанын тез пайымдап жоқ деп басымды ізедім. Сәке деді, өзінің орынбасары Созақбай Әбдіқұловқа мына баланы аудандық "Молшылық үшін" газетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Сабырбек Олжабайға қосып, қолына мандат жазып Жартытебе кеңшарының қырқым пунктіне жібер,-деді. Оны ойдағыдай атқарса, сонау Шу кеңшарына жіберу керек. Аудандық бақылау комитетінің штаттан тыс инспекторы болып Сәкең Қаратау кеңшарына директор болып ауысып кеткенше бірнеше жұмыс жүргіздік. Іскерлігімді бағалады ма Сәкеңнің орнына келген Әлпейісов Әбибулла жылдық қортындысында ақшалай сыйлықтармен марапаттап тұрды. Қайда бармадық біз. Аудан орталығындағы сауда мекемелерін тексеріп жүріп, Созақ ауылындағы дүкеннен қасы-көзі еш боялмаған елгезек, өз ісіне пысық қызды кездестірдім. Бұйырған кетпейді дегендей тағдырымыз қосылды. Алла бұйыртып тұрған ғой, шешем Күләш енді үйленбесең үйге келме, інілеріңнен ұят емеспе бәрінің балалары өсіп келеді деп ұрысты. Сүтке тиген мысықтай болдым. Сол күні бастығымыз Әбибулла сауда орындарын тексеруге жіберді. Келіншегім төлқұжатында өзбек жазылғанымен түбі Кашкардан келген "Аппақ қожа" әулетінен. Дала мен үй жұмысына және сауда мен малға өте пысық.

Кезінде Алаш көсемдерінің көш басшысы Әлихан Бөкейханов көшпелі қазақтарға бау-бақша егісін үйретсін деп, Орта Азиядан Қазақстанға әсіресе Жезқазған өңіріне қожаларды қоныстандырған екен. Оны Жас Алаш газетінен оқыдым.

Не себепті төлқұжаттары өзбек деп жазылған десем аласапыран жылдары Созақтың жоғары жағындағы Ағалақта қожа-молдалар қоныстанған деген сөзді естіген қызыл әскерлер суыт аттанып ондағы жұртты түгел қырып жіберген деседі.

Қасымжан Өміровтың жұмысқа берілгені сонша жарық болмай қалған күндері мұрны үстелге тие жаздап, қара көлеңкеде жазу жазып отырығанын көріп осы жанарынан айырылып қалмаса екен деп аяныш білдіргенім бар еді. Сол кезде менің аздап болжаушылығым бар екен-ау.

Жұмыс орным әкімшілік үйінің төртінші қабатында. Төртінші қабаттың коридорымен келе жатып жапсарлас есіктің маңдайшасынан Созақ аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы Сексенбай Тұ-

Онда отырған өзбек ағайындар бұл әулеттен тұқым қалмайтын болды-ау деп, кішкене баланы қойдың астына байлап, отарға қосып қойған ғой. Содан аман қалған бала бізді құтқарған өзбек ағайындары деп төл құжаттарын өзбек деп жаздырған екен. Оны 86 жастағы қайын енем айтқан болатын.

Жұмысым вахталық әдіс сияқты. Мекемелерді, мектептерді безендіру жұмыстарымен кейде айлап үй бетін көрмейсің. Газет редакторы Жарылқасын Боранбаев Жұмеке шамалы қоя тұр сені штатқа суретші тілші деп ауыстырамын, штатты бекітіп алайын деді. Күтіп жүргенмін. Газеттің фото тілшісі Патши Жүнісов екеуіміз бір-бірімізді қатты сыйлайтын едік. Мен күйеу-бала- ол қайнаға. Патшидің орнын қысқартып, суретші тілші деп жаңадан штат құрмақшы екен. Қайнағамды қысқартып мен қалай жұмыс істемекшімін, бірде аудан әкімшілігінде жұмыс атқаратын Кәрібай Әмзеев мені әкімшілікке шақырды. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерей тойына арналған салтанатты жиын өтетін болды. Соған сахна төріне ілінетін Абайдың портретін салатын суретші таппай отырғанын айтып мені “Мыңжылқы” мәдениет сарайына жіберді.

Көпті көрген кезінде аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Ресейдің Қазақ қаласындағы Партия қызметкерлерін даярлайтын оқу орнын бітірген. Дайындау министрлігінің Созақ ауданындағы өкілі, РайЗонының бастығы, Молотов, Тегістік колхоздарының төрағасы, Жолөткен, Қызылбайрақ, Тасты кеңшарында ферма меңгерушісі болған әкем Отаров Бекбосын зейнетке шыққан соң туған жерім деп Балдысуға ағайындардың арасына көшіп келді. Сол кезде дінге қарсы саясаттан қорықпай ауыл молдасы, әрі шөптен дәрі жасайтын емші болды. Әкем келешегімізді ойлады ма Шолаққорғаннан Балдысу елді мекеніне шығар жол бойынан жер алып, үй салып берді. Ол жерге қайын жұртым мол етіп жеміс ағаштарын егіп берді. Қауын, қарбыз, сәбіз, картоп, қызанақ молынан бітті. Келіншегім өзімізден артылған өнімді саудаға салды. Автокөлік алып, үйреніп саудаға затты сонымен әкелді. Ал мен мекемеде жұмыс істеймін.

Көршілеріміздің есігі алдын да тек жоңышқалық бар, кейбірінің ауласының шаңы шығып жататын.

Аудан орталығына «Біресек» каналынан мол су келетін. Жұрт кезегімен су ішіп жататын, жығып алсаң ешкім ештеңе демейтін. Кейіннен лотоктан келетін су азайып кетті. Төменгі жақта алма бауы пайда болды. Бақшамыздағы өсімдіктер төрт құлақтанып қалды. Су мұрап Жантөрені (марқұм) шақырып су сұраймыз, егістікті көрсетеміз. Ол, «маған неғыл дейсің, төменде 60 үй бар, бәрі су сұрайды. Кезегің келгенде ішесің» дейді. Қазір Кенжегүлдің үйі ішіп отыр дейді. Болмаған соң, мен берді- деп айтпаңдар деп теңгесін алып кетеді. Өлден уақытта өзі теректей ұзын кетпенін иығына асып алған, Қалапбергіннің келіншегі Кенжегүл айқайлай келеді, ашуланып суды неге жығасыңдар дейді. Біз қараңызшы бау-бақшаға дейміз. Судың басында отырып сендер қурасандар, аяғындағы бізден несін сұрайсың. Суды жықпаңдар деп ол жөніне кетеді. Түнде оянып, суды жығып, таң қылаң бергенде суды бекітіп қоямыз. Кейіннен бау-бақшамыз шөлдегенде осы әрекетті қайталайық десең судың басында қарайып біреу отырады.

Есік алдына баламыздың сүндет тойын жасағанбыз. Қайын - жұрттан ағайын туыстан мал үйіліп қалды. Қораға симайды. Бау-бақшаны жинап алған соң ірі қараларды сол



жерге арқандадық, асты су болғанда үйдегі пештің күлін төгіп құрғатамынбыз. Көктемде сол жерді аударып, картошке, сәбіз еккенімізде қолдың саласындай кішігірім доптай сәбіз, картошкені көрдім. Әйтпесе ауланың кейбір жерін аударсаң қиыршық тас шығады.

Тағы да күлімдеп көктем келеді. Тағы бау-бақшамызға жеміс егеміз. Біздің картошкеміз гүлдеп жатқанда жұрт енді егіп жатады.

Баяғыдай кезекпен келетін су ақырында жоқ болды. Кетпенінен басқа сайманы жоқ су мұрап таяқ ұстап қалды. “Қырқым пункті” тұсындағы судан бөлінетін жеріне барып суды жығып келеміз. Келгенімізбен не пайда суға талас қайта басталады. Олар суға таласып жатқанда су тоқтап қалады. Өзім түн қараңғысында “Қырқым пункті” бетке алып суды жығып келіп егістігімді суарып аламын есесіне жұмыста қалғып отырамын.

Есік алдында құлпынай өседі. Ол ерте көктемнен қара күзге дейін жеміс береді. Оны жеп ескен бала қыста еш суықтамайды. Былтыр жүзімнен 200 кг мол өнім алдық. Биыл да жүзім мол салды. 5 түп асқабақтан 50 данасын алдым. Асқабақ аяқ, қол қақсағанға таптырмас ем. Ал дәнін еттартқыштан өткізіп, балға араластырып араластырып күніне ас алдында бір шай қасықтан жеп жүрген адамның көңіл күйі көтеріліп еш шаршамайды. Жүрек ауруына еш шалдықпайды. Қара өрік, сусыны, қан қысымы, сусамыр, іш құрылыстарына ем деген соң, қорғаштап оны ұрстар тимеу үшін матамен көмкеріп қоямыз. 1 қап майда ұрықтық картошкені көктемде жердің тоңы кете салысымен егіп, арасынан жаздай асқа пайдаланып күзде майдасы бар аралас 13 қап картошке алдым. Картошканың кейбір ірі бөлігін таразыға тартып көргенімде 710 - 750 граммнайналды. Қолымыз тисе картопты қазып алған соң жүгері дәнін егеміз. Жердің бәрі сарғайып тұрғанда жүгері жап-жасыл болып ауланы көріктендіріп тұрады. Бола-маса тегістеп көктемге дайындап қоямыз. Таудан келетін судан әбден ығырымыз шыққан біз қазір оны еш пайдаланбаймыз. Су жолдарын бекітіп тастағанбыз. Быыл су мол болды. Су мұрап кезектерің келді су алыңдар дегенімен оны еш пайдаланбадық. Содан соң қой болмас деп көктемде құдық қаздырайық деп шешімге келдік.

Құдық қазатын автолік иесі су шығатын жерді аспаппен тексеріп

су шығады - ау деген жерді мотормен қаза бастады. Он метрдей қазғанда судың көзіне жеттім деді, ары қарай қаздырдық. Мұздай, мөлдір суға қарқ болдық. Суық су егістікке болмайды деген көршілердің сөзін елең етпедік. Көршіміз Аманғали зейнетке шыққан соң, өзінің малы бар, көршілердің малы бар мал бауға шықты. Бау-бақшасының ортасы мал көңіне тау болып үйіліп қалды. Ал мен майда мал ұстамаймын. Қыстың ортасында сиырдың астына төсейтін көң таппай жүрмін. Аманғалидан ыңғайсызданып жүрмін. Бірде Аманғалиды жолықтырып бір-екі қап көң бере тұрасыңба деп сұрағанмын. Ой, ала бер қанша алсаңда деді. Сонымен өздері бала-шағасы болып жабылып бір “камаздай” көңді ауламыздық бұрышына үйіп тастады. Осы көңді бау-бақшаға жайып, әрі үйдегі пештің көмір күлін, әктің қалдығын, үйден шыққан жарамайтын баклашка, целлофан қалтасын, үйден шыққан қалдықтарды есік алдындағы темір пешке өртеп күлін бауға төктік. Малдың қалдық шөбін бір жерге үйіп, үстін топырақпен жабамыз. Өздері шіріп, кейін топыраққа айналады.

Ерте жаз уағында 6 тонна көмір түсіріп қыстан еркін шығамыз. Оның күлін аулаға төгіп сыртқа бірде бір қоқыс шығармаймыз. Мәдениет сарайында суретші орны көптен бос екен. Ешкім тұрақтамайды. Сол жерге жұмысқа қайта қабылдандым. Айлығы аз болғанымен үйге уақытылы келесің, ұйқы тыныш. Қайта әңгімеге оралсам менің мәдениет сарайына ауысқандымды білген Жарылқасын Боранбаев құжаттарымды әрең берді. Қайнағам Патшаның алдында жүзім жарқын болды. Өткенде Кентау қаласынан Тасты кең шарындағы Абай атындағы орта мектебінде ұзақ жыл ұстаздық еткен 78 жастағы әпкем және сол кеңшарда бас дәрігер болып қызмет атқарған 86 жастағы Тойымбетов Абибулла жездем қыдырып келді. Біз оларға ауыл жаңалығымен қоса Сексенбайдың баласы Мұхит аудан әкімі болып тағайындалғанын айттық. Әпшәм:-Ой, Мұхит өз балам ғой, шешесі Үрзада екеуіміз институтты бірге оқыдық. Үрзада Жамбыл жақтың қызы. Сұлтан ағаң Сексенбайдың үйінде жатып оқыды,- деді. Құлағым елең ете қалды. Мұхитты алғаш рет көргенімде бекер аман-даспаппын дедім өкінішпен. Мәдениет үйінде бұрыңғы жұмыс істегендерімді қоспағанда “Мыңжылқы”

мәдениет үйінде үзіліссіз 22 жыл жұмыс істепмін. Жасым 70-ке келді. Пайғамбар жасынан асып жетпіске таяндық. Енді сақал қойыңыз, сақалдың әр талында періште отырады, намаз оқыңыз,-дейді облыстық Дін басқармасында істеген інім Қазыбек Сарыбаев. Осы жасыма дейін аурухана есігін көрмеген, ауырмаған маған біртүрлі сияқты. Сақалға да кезең келер деймін.

Мұхиттың әкесінің жақсылығын көрдім. Өзімізге бақ болып бұйырған жерлесіміз, аудан әкімі Мұхитқа өнеге қолдау көрсетейік деген мақсатта үйіргелік бау-бақша егісі мен көше тазалығы жайлы ойымды баяндамақшымын.

Жеті жылдай Балдысудан аудан орталығына қатынап жұмыс істеген маған оңай соқпады. Көлік болмай қалған күндері ағайын-туғандарды сағалап кететінбіз.

Өткен көктемде Әліби Жангелдин мен Спатаев көшесінің тау жақ қиылысқан тұсында бос жатқан жері бар. Осы көктемде осы жердегі тау -тау болып үйілген қоқыстар бір-ақ күнде трактормен тегістеліп тазаланып қалды. Көше тазалығын тексерушілер күн ара келіп көшеге қоқыс тастамауымызды ескертеді. Біз қоқыс тастамай-тынымызды айтамыз. Сөйтсек жаңадан тағайындалған аудан әкімі көше тазалығын тексеріп жүр деп естідік. Осы жер біз келгелі 20-30 жылдан асып кетті. Көшенің сиқын келтіретін осы жерге еге болатын уақыт жетті. Жұрт қоқысты төккенін қояр еді.

Немерелеріміз ойын алаңына апар дейді. Ол алыстау жерде оған немеренді апарғанымен ойынға алданып үйге қайтпай қиғылықты салады. Кеш батса біздің Жангелдин көшесінің бойында балалар қаптайды. Автокөлік сигналын беріп ойнап жатқан балалар арасынан әрең өтесің. Осы бос жатқан жерді аудан әкімшілігі өз балансына сатып алып балалар ойын алаңшысына айналдырса болар еді деймін. Осы жайлы біздің көше комитетінің төрағасы інім Жанайдарға айтқанымда ол жердің өз егесі болғандықтан әкімшілік ойын алаңшасын Балдысуға шыға беріс жолдың оң қапталынан белгілеген деді. Жазда Шолаққорған ауыл әкімшілігінің іс басқарушысы Талғат Шайдазимов көше тазалығын қадағалап жүріп, ауламыздағы өсіп тұрған көрікті гүлдерді “құмыра”, “арқар”, “құс” мүсіндерін көріп «Көрікті аула» сыйлығына ұсынамыз деген. Конкурс өтпеді - ау деймін.

Ауламызда жүзім, шабдалы, жаңғақ, алмұрт, долана, алма, ташкент құрмасы өседі. Үйде лимон ағашы да бар. Қысқа ешқандай отын сатып алмаймыз, ауламыздағы тал бұтақтарының бәрі отын, кейбір жұрттың есігі алдында тал ағашы бола тұрып, сексеуіл, баялыш түсіргендерін түсінбеймін. Ауыл тазалығын сақтау өз қолымызда ауыл әкімшілігі бос жатқан жерді есепке алып, не қоқыс төгуге болмайды деп ескерту тақтайшасын қойса онда жазылған бағаны көрген жұрт аяғын тартар ма деймін.

Жердің тоңы жібігенше қарап отырмай, бос ыдысқа қызанақ дәндерін сеуіп терезе алдына қойып, «Оңтүстік» Қазақстан, «Созақ үні» газеттерімен қатар жазушы Кемел Тоқаевтың “Сарғабанда болған оқиға” және жерлес жазушымыз Сабырбек Олжабайдың “Ақілгек”, “Жылыбұлақ” кітаптарын оқып жатырмын. Сабырбек Олжабайдың “Темірланның алмас қылышы” және Мақсат Қарғабайдың “Әбдіүәлі” кітабын оқысам деймін. Соларды іздеп жүрмін.

Жұмахан ОТАР,
Үздік театр суретшісі,
«Мінсіз қызметі үшін»
төсбелгісінің иегері.
Шолаққорған ауылы.

Өскен ағамыздың дүйім жолы, жалынды жігерлі ғұмыры негізінен Кеңес өкіметі жылдары өтті.

Өз естелігінде баяндағандай өлең өлкесіне сақа жігіт ағасы шағында келді. Ақыл тоқтатқан, оң солын таныған дер шағында келді. «Мақсат-жан Жеңіс ақын облыс, республикаға танылып, өлеңдері бұрқырап газет бетін бермей жүрген кезінде біз өлең жазуды бастадық. Жеңісті жасы кіші болса да тең тұттық» деген сөзінен Өскен ағаның жан жомарттығының, нені болса да бүкпесіз, шынайы, шындыққа тура қарап сөйлейтін азамат екенін аңғарасың. Ф.Мұратбаев атындағы орта мектебінде Өскен, Қазыбек, Жеңіс үшеуі бірге ұстаздық қызметті қатар атқарған еді. Мен ол кісінің баласымен жасты болсам да, менімен тең терезелі сөйлесетін, пікірлесетін, ақылдасатын, уақытын бөліп әңгіме айтатын. Тектілік қанмен

Ақ тілектен туады мағыналы ой.
Өскен аға бұл менің өкпем емес,
Өскен ұлға өсер ұлдан базына ғой,-
деп жаздым.

Өскен ағам:

Жүрсің бе аман есен текті ұлым,
Өлеңмен назды жетті үнің.
Әкеңмен бірге жүрген кез,
Туралы сырым көп тұғын.
Уақыт-тұлпар зулаған,
Өркендеу үшін туды адам.
Із қалдырар ізгі жан,
Бостекілік қумаған.
Ақынның ұлы ақынсың,
Алтыннан сынық асылсың.
Талантың сенің ашылсын.
Атағыңды асырсын.
Шахановша айтқанда:
Талайға сен бас ұрдың.
Сол талайлар-мықтылар,
Енді саған бас ұрсын!-деп Өскен аға жауап жазып жіберіпті. Кейін осы өлең шумақтары ақынның кітаптары-



іспетті. Қоғамға зияны жоқ ойын ашық айтады. Дүниеге ақын көзімен, өлең сөзімен қараудың өзі бір бақыт әрине, жақсының жары болу жаратқанның сыйы деп түсінемін. Ақынның жанында өмір сүруім адамды тануыма үлкен мектеп болды. Егер сол үлкен мектепте жүріп, бірақ оның талабына ілесе алмасаң өмірде мән болмайды. Ең бастысы ақынның сұранысына лайық болуың керек. Әрбір қуанышымыз да мұңымыз да ортақ. Әр мерей тойыма өлеңдерін арнайтын. Біз бірге болған 50 жыл 18 күн 50 күндей өте шықты. Өскен атадан 4 ұл 2 қыз. Балалардың барлығы құтты орынға қонған. 27 немере 20 шөберенің қолынан май жалап әже бақытын сезінудемін. Созақтың текті маңғаз ақыны Өскен ешкімге қатты сөз айтпайтын, жай сөйлейтін. Маңғаз көркем мінезді жан еді. Үлкенмен де кішімен де бірдей қарапайым адами

Бөрі қазақтың Өскені

келетін қасиет десек. Сол текті қан Өсағаның бойында атойлап жүрді. Ағасы Көштен көкеміз төрт түліктің қасиетін жылқы малының киесімен елге танылған Еңбек Ері болса, Өскен ағамыз қос қанатты пырақ иесі- поэзия әлемінің Еңбек Ері атанды. Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденін кеудесіне жарқырата тақты. Сыпайы, жұмсақ мінезді, дауыс көтеру, біреуге ренжу немесе өкпелеу дегенді білмей өскен азамат. Алпыс жылдық мерейтойында мені тойға шақыруды ұмытып кетіпті. Бірақ менің ойымда санамда қылаудай өкпе реніш болған жоқ. Әкеміз жан жолдасы, досы, әріптесі дегендей пенде болған соң абыр-сабырмен жүріп ұмытып кетсе керек. Өскен ағам да дереу «Ағаға наз» деген тақырыппен өлең жазып жібердім. Әкем екеуінің ақ көйлек киіп түскен жас кездеріндегі эп-әдемі суреті бар болатын. Сол суретті де хатқа қосып конвертке салып жібердім. Өлеңнің мазмұны мынау:

Армысың аты мәшһүр Өскен аға,
Қымыз ішіп, құлын қуып өскен аға.
Өн бойыңда өнердің өзәні ағар,
Өлеңі өрдің тасын кескен аға.
Сізге тиіп өлеңнің нар пұшпағы,
Алақаның шілдеде қар ұстады.
Қаламың Қаратаудың қазынасы,
Қарқының тау суындай алпыс-тағы.

Шертілгендей жүректің шертпе қылы,

Сізбенен біз едік қой тектің ұлы.
Түнде жаздым күндіз ғой көңіліміз,
Әкем кірді түсіме өткен түні.
Әкем кірді түсіме жейдесі аппақ,
Жан еді ғой бесенеден бейнесі аппақ.

Қол созып ем алмады, аңғар бермей,

Қалай-деді, жаман ұл шимау-шатпақ.

Шатпағымды оқыдым сұрағасын,
Бермеді ол алайда шын бағасын.
Өскен ағаң секілді алпыс жасқа,
Жеткенше деді ұлым шыңдаласың.
Содан кейін тұрды да ойға қалып,
Сізбен болған жас шағын ойлады анық:

-Өскен досым алпысқа толыпты ғой,

Өлеңіңді оқыдың ба тойға барып?
Әуақтың қашанда мысы басым,
Жауабым жоқ не айтам тұтылғасын:

-Тойға арнаған өлеңім қалтамда тұр,-

Деппін ғой шыбын жаным қысылғасын.

Заман-түлкі, тазы-бай қағынуда,
Той-томалақ қағазға бағынуда.

Тойға барып алдымен отырар ем,
«Тарадың қаны болса тамырымда»
Жасынан Пайғамбардың ата-тағасын,
Жетпіс, сексен тойласын мақпал басың.

Тойдан-тойға жетіңіз Өскен аға,
Қарлығаш жыр мәңгілік аспандасын.
Той дегенің рас ол қазына ғой,

на енді. Өскен аға көзі тірі болғанда биыл сәуір айының үшінші жұлдызында сексен жасқа толар еді. Дей тұрғанмен аудандағы Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестік Өскен ағамыздың отбасы, ағайын, туыс, бауырлары болып ақылдасып тамыз айының 12 жұлдызында Созақ ауылында ақындар мұшайрасын өткізуді мақсат тұтып отыр. Ақын есімін есте қалдыру елдікке сын. Өскен ағамыздың атын көшеге, мәдени ошақтарға, мектеп училищеге берсе де жарасар еді. Ол да сәтін салса кезегімен келер дүние болар. Заманымыз былай келеңсіз заңмен құрсауланып қалмас. Елге еңбек арқылы танылған ерлердің есімі ел жұртына етене болып қалуы тиіс.

Өскен ағам маған жолыққан сайын анамды, бауырларымды сұрайтын. Қандай оқу орнын бітірді? Не істеп

түгелдеді, Созақ көтерілісін дәріптеді, Созақтың сарытап даласын, тауы мен тасын, еңбек адамдарын жырлады. Өскен елдің батасымен өсті, өркен жайды, өркендеді. Жапырақ жайды етегі етекке түскен алып еменге айналды. Ақынның артында қалған мол мұрасы, бұл екінші деген ғұмырының алтын бастауы. Ақынның артында қалдырған малы да, талы да тек өлмес жыр. Сол себепті де Бөрі қазақтың Өскені бақытты ғұмыр иесі. Нұржамал ағамыз болса да әкеміздің кластасы болды. Нағыз ақынның жары деп айтарлықтай тұлға. Өскен ағамыздың шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Жанына жалау бола білді.

Өскен ағамыз үлкен әулеттің кенжесі, бетке ұстар азаматы, қасиетті қарашақырақтың иесі. Ендеше Нұржамал ағамызға да қарашақырақтың жауапкершілігі де зор жауаптылық жүктеді.

қасиеттері мол, жүрегінде иманы тасыған мейілінше майын болатын. Сіздей асыл перзентін елі ұмытпайды. Мәңгі есінде сақтайды. Өлең-өлгенше мәңгі жүрегіміздің. Жатқан жерің жайлы топырағың торқа болсын,-деді жан жары Нұржамал Илиясқызы.

Көзі тірі болғанда биыл сексен жастың сеңгіріне шығып, ақсақалдық есепті шығармашылық кешін өткізіп төр төбесінде төбе бидей көпке танымал ақын Бөрғазының Өскені отырар ма еді телегей теңіз жырын төге түсіп. Бұған дейін жырсыуір қауим жылы қабылдаған «Заман-ай», «Киелі топырақ», «Теріскей толғауы», «Сағыныш», «Толғаныс толқындары», «Жан жарқылы», «Қазына» атты жыр жинақтары әр жылдары жарық көрді. Бүгін қарап отырсақ сол шығармаларының өзі бір-бір есеп екен ғой.

Бөрғазының Өскені -Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, «2005 жылдың ең үздік ақыны» атағының иегері. «Құрмет» орденінің төл иесі. Бірнеше жыр мұшайраларының жүлдегері. Кешегі аптада С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейінде «Ұмытпайды Өскенді өскен елі» гирбаты мол кеш өтті. Созақ ауданының құрметті азаматы, 2005 жылғы облыстың «Үздік ақыны» номинациясының иегері. Музейдегі іс-шараға ақынның жары Нұржамал Илиясқызы, бауыры Өсербай Бөрғазы, өлке қаламгерлері, мектеп кітапханашылары, жырсыуір жасөспірімдер қатысты. Кешті музей директоры Н.Дүйсенбек ашып, ақынның өмірі мен шығармашылығын тілге тиек етті. Өз кезегінде сөз алған Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы М.Асқаров, «Созақ үні» газетінің редакторы С.Теңізбаев, ақын, драматург Б.Айдарбеков, ардагер ұстаз М.Иманбеков естеліктерін ортаға салып, ақынға арнаған өлеңдерін оқыды. Жыр сүйер жастар, Н.Төреқұлов атындағы мектеп-лицейінің шәкірттері ақынның өлеңдерінен көркем композиция дайындап, көрермендер назарына ұсынды. Жезтаңдай әнші М.Бейсенова ақынның сөзіне жазылған әндерді көрермендермен қосыла шырқап, кеш шырайын көріктендіре түсті. Ақынның бауыры Өсербай Бөрғазы, жары Нұржамал Илиясқызы кеш сонында ізгі тілектерін жеткізіп, ақынның сыйлаған қалын елге алғыстарын білдірді. Музей директоры Н.Дүйсенбек Нұржамал апайға сый-сияпат жасап, ақынның жарына баянды ғұмыр тіледі. Той төресі әлі алда!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



жүр? Күйеу балалар мен келіндер қай жақтың ұлы, не қызы? деп жанашырлығын жанымен ұқтыратын «Әкеңнің өзі өлсе де, көзін көрген өлмесін!» демекші әкем туралы небір жақсы есті естеліктерді Өскен ағамның өз аузынан естіп, төбем көкке жеткендей болатын. Екінші ойыма келген жақсы бір ниеттің бірі Өскен ағамыздың тегінің жазылуы Бөрғазының Өскені деп, «ов, ев, ин» деген теңеулерден ада, тың тек жазудың өзгеше стилі. Кезінде Бауыржан Момышұлы деген қазақ халқында бір-ақ таза есім тек болатын. Бөрғазының Өскені деген жаңаша сипат, ақынға тән асқақ сипат. Бірақ бүгінде Өскен ағамыз тек Бөрғазының ұлы емес, қазақтың ұлы сол себепті Бөріқазақтың Өскені деген артық болмас. Созақ күйшілерін

-Созақтың текті маңғаз ақыны еді. 1966 жылы 7 ноябрьде Өсекеңе тұрмысқа шықтым. 2016 жылы 25 ноябрьде қайтыс болды. Екі бірдей Еңбек Ерінің шаңырағына келін болып түстім. Әкелі-балалы Еңбек Ерлері аудан мақтаншы, тек қана өздерінің адал тұғырынан түспей өмір кешті. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ерлері атағы берілген. «Алтын жұлдыз» медалімен «Ленин» орденімен марапатталды. Текті әулетке келін болу оңай болмады. Ата-анамнан алған тәрбиенің арқасында ибалы келін, көреген анаға айналдым. Ақынға болу үшін өмір серік, әйелге төзім керек темір-берік. Ақынның жары болу оңай емес. Шын ақындар - аппақ әлем, әдемі халық. Бейне періштелер сияқты Тәңірдің нұры

2023 жылдың 14 мамырға тағайындалған Қарақұр ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы.
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

Р/с	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туылған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі, мамандығы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Сахиұлы Әбубәкір	13.12.1953	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер;	"Ардагерлер ұйымы" Созақ аудандық филиалы
2	Мыңжасар Асқаров	17.02.1945	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер;	"AMANAT" партиясы
3	Оспанов Руслан Әлиұлы	07.08.1992	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы	"SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы"
4	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	14.07.1973	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;	"Ауыл" партиясы
5	Айдаров Нұралы Тұрдыұлы	06.08.1977	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы;	Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
6	Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич	04.04.1960	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Жұбанов» атындағы саз мектебінің директоры;	"Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі
7	Сармантаев Жетилген	22.08.1954	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер;	"Ақжол" демократиялық партиясы

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы			Комиссия мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
			Орналасқан жері	Елді мекені	Көше	
1	2	3	4	5	6	7
1	709 уск	Қарақұр учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қарақұр жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Қарақұр елді мекені, Үсенбай, Наурыз, Абай, Құрманғазы, Батырбекова көшелері	Қарақұр ауылдық округі Қарақұр елді мекені	Усенбай	27	Смайыл Қанат Қантайұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Үсенов Мейрхан Оразбайұлы-комиссия орынбасары, "Ақжол" демократиялық партиясы Асанов Нурбол Мамедиевич-комиссия хатшысы Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Тәжібаев Оразхан Керімханұлы-комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы. Жетібаева Роза Қуанышқызы-комиссия мүшесі, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі. Алмаханбетова Жадра Мейрбековна-комиссия мүшесі, "Ауыл" партиясы. Мұсалимова Жанат Шекербекқызы-комиссия мүшесі, "Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы" қоғамдық бірлестігі
2	710 уск	Раң учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Б.Батырбекова атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Раң елді мекені, Раң көшесі.	Қарақұр ауылдық округі Раң елді мекені	Раң	1А	Ибрайымов Айдар Тілеубекұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы. Бектібаев Жамбыл Мейрамбекұлы-комиссия орынбасары, "Ақжол" демократиялық партиясы. Жақсыбаев Медет Данабекович-комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы. Байдаулетов Арман Ермекович-комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы. Шыназов Азат Маратұлы-комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
3	711 уск	Шаға учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "С.Бакбергенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы:Шаға елді мекені, Шаға көшесі.	Қарақұр ауылдық округі Шаға елді мекені		20Б	Оспанов Дайырбек Шегебайұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы. Мақұлбеков Сүйеніш Әуесбекұлы-комиссия орынбасары "Ақжол" демократиялық партиясы Тажимаев Гулзада Керімхановна-комиссия хатшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Шайхстамова Бибайша Мауленовна-комиссия мүшесі. "Созақ аудандық әйелдер кеңесі" қоғамдық бірлестігі. Тасжанов Тұңғат Ибаділдаұлы-комиссия мүшесі, "Ауыл" партиясы

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде **8-700-467-93-23** телефонына хабарласуға болады.

Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру

Құрметті аудан тұрғындары! Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» №94 Заңының 71 бабының 5-тармағына сәйкес, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының кезектілік тізімдеріне, оның ішінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалға алған тұрғынжайға мұқтаж азаматтарға түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Түгендеу жұмыстарына байланысты 1414 бірыңғай байланыс орталығынан «ИӘ деген жауапты таңдау үшін - 511; ЖОҚ деген жауапты таңдау үшін - 512. kezekte.kz қызмет көрсету үшін жеке деректерге қол жеткізуге сұраныс жіберілді. Келісім немесе бас тарту жоғарыдағы комбинациямен жүзеге асырылады» деген мәтінде хабарлама жолдануда. Жоғарыда аталған хабарламаға жеке деректерге қол жеткізу 511 мәтінін жолдауларыңызды сұранамыз.

Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру!

«Арнұр Кредит» МҚҰ «Созақ» бөлімшесіне несие менеджері қажет. Қойылатын талаптар: экономикалық білімі, резюме: sarsenova@arnurcredit.kz. Байланыс телефоны: 8-778-196-41-21.

Жемқорлықпен күрес- әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің қорғаныс қабілетін бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған қызығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады.

«Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күні күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процестерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

А.ЕДЕНБАЕВ,

Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салықтық бақылау және өндіріп алу бөлімінің басшысы.

Жылдық асқа шақыру

Шолақорған ауылының тұрғындары, ардақты ана, жаны жайсаң әже **Айтбекқызы Тынышкүл** мен асқар тау әкеміз **Махаев Ардақ Жеңсікбайұлының** дүниеден өткендеріне жылдың жүзі болып қалды. Асыл жандардың жарқын бейнелерін сағынышпен еске аламыз.

Жыл айналды екеуі де

өткелі,

Одан бері қаншама ағаш көктейді. Туған-туыс, бауырларың орнында, Бәрібір де өздеріңе жетпеді... Кеткендей боп қабырғамыз сөгіліп, Әр күн сайын еске аламыз егіліп. Амал қанша қос аяулы жан үшін, Жылдық асы жайтыр енді беріліп...

- деп, аяулы әкеміз Тынышкүл Айтбекқызы мен ардақты әкеміз Ардақ Жеңсікбайұлының рухтарына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 23 сәуір күні (22 сәуір – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Т.Дубәкіров көшесіндегі №13 үйде беріледі.

Асқа шақырушылар: жары, балалары, немерелері, Махаевтар әулеті.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор: Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы Жауапты хатшы Мақсат Қарғабай Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Хабарландыру

«Орталық» ӨК» ЖШС – 2023 жылдың 18 мамыр күні, сағат 11.00-де, Түркістан облысы Созақ ауданы, Қыземшек кентінің Мәдениет үйінде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жиналыс тақырыбы - «2024-2042 жылдарға арналған «Жалпақ» уран кен орнын игеру жобасына енгізілген өзгерістер (жобаны түзету)» ықтимал әсер ету есебі бойынша. Жобалық құжаттама бойынша Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының ТРЖТТПБ <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esorttal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru), сондай-ақ info@2k.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8(727) 376-60-62, «Два Кей» ЖШС. Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы- «Орталық» ӨК» ЖШС, БСН 110240020102, Шымкент қ., Байдібек-би даңғылы, № 27«А» ғим. info@dportalyk.kazatomprom.kz Әзірлеуші «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366, Алматы қ., Тлендиев көш. 258 В үй, 8(727) 376-60-62.

Объявление

ТОО «ДП «Орталық», сообщает, что 18 мая 2023 года в 11:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, в Доме культуры с.Кыземшек состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях «Изменения в проект на разработку месторождения урана «Жалпақ» на период 2024-2042 гг. (корректировка проекта)». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esortportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru), а также по e-mail info@2k.kz. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн режиме. Ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8(727) 376-60-62, ТОО «Два Кей». Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ДП «Орталық», 161000, г. Шымкент, пр. Байдибек-би, здание № 27 «А». Проектировщик: ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Тлендиева, 258 «В» Тел: 8 (727) 376 60 62.

Қоғам дертімен күресейік

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алу-дың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,

Созақ аудандық СЭББ басшы м.у.а.

«Уылдырық» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде

Қазақстан Республикасы АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 «жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» және Түркістан облысы ПДЖ бастығының 2023 жылғы 04 сәуірдегі №105 бұйрықтарына сәйкес, 2023 жылғы 05 сәуір мен 30 мамыр аралығында облыс көлемінде «Уылдырық» алдын алу іс шарасы өтуде.

Осыған байланысты балық уылдырық шашатын кезеңде Созақ ауданы аумағында, Созақ АПБ-нің, Түркістан және Жамбыл облыстарының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы мен табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Охотзоопром» инспекторлары және басқа да жергілікті табиғатты қорғау саласы бойынша уәкілетті мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен өзара бірлесіп жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу жоспарлануда.

Алайда Созақ ауданы аумағының ауарайы сәйкес келуіне байланысты Созақ ауданы аумағында «Уылдырық» жедел-профилактикалық іс-шарасы 2023 жылғы 15 сәуір мен 31 мамыр аралығында өтетінін хабарлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген заң бұзушылық жасаған тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шара көрілетінін ескертеміз.

Қ.МУСАЛИМОВ,

Созақ АПБ ЖПҚ бастығының орынбасары, полиция капитаны.

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.